



Атырау қаласы
«31» наурыз 2026 жыл

ХАТТАМА

«Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік» тақырыбында қызметкерлерге түсіндіру

Спикер: камплаеанс офицер –К.К.Темиралиев

Қатысушылар:

Дәрігерлер, орта және кіші буын медицина қызметкерлері

Хатшы: Джанбирбаева А.Е.

КҮН ТӘРТІБІ

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін жауапкершілік.

Камплаеанс офицер –К.К.Темиралиев: Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте көзделген. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіру жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзіреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері және лауазымды тұлғалар жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды, тергеп-тексеруді және алдын-алуды, оларды жасауды кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өз құзіреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, әскери полиция органдары, экономикалық тергеп-тексеру қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық кодексте және әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте көзделген.

Тақырып аясында «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекс қаралды. Кодекс бойынша 34-тарау «Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар» және оған енгізілген баптар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жазаларды көрсете отырып.

676-бап. Жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі.

Жеке тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

677-бап. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, жеңілдіктерді не көрсетілетін қызметтерді ұсынған тұлғалардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін осыларды алуы, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

678-бап. Заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі

Заңды тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға немесе оларға теңестірілген тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – жеті жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

679-бап. Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы

Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өздеріне заңнамада жүктелген функциялардан тыс кәсіпкерлік қызметпен айналысуы не белгіленген қаржыландыру көздерінен басқа материалдық игіліктер мен артықшылықтар қабылдауы – осы ұйымдардың басшыларына алты жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

680-бап. Мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы

Мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдары басшыларының не жауапты хатшыларының немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдарының өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының бұзушылықтарын жою бойынша не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға кінәлі, өздеріне бағынысты адамдарға қатысты шаралар қабылдамауы не көрсетілген шараларды Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұза отырып қабылдауы, не кінәлі адамдардың тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына тиісті ақпаратты ұсынбауы – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

681-бап. Бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау

Мемлекеттік органдар, мекемелер мен кәсіпорындар басшысының не ұлттық компаниялар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық даму институттары, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдары басшысының бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдауы – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Аурухана қызметкерлері тарапынан кейбір сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған болатын, яғни өз шаруаларымен жұмысқа шықпай, еңбекке жарамсыз бетшелерін жаздырып алған. Ал сол еңбекке жарамсыз бетшелері бойынша мекемеден заңсыз жәрдем ақы алуға ниеттенген.

Мысалы екі аурухана қызметкерлері 2025 жылдың 29 желтоқсан айында екеуі жеке шаруалары бойынша Астана қаласына баратын болып, теміржол билетін алып, аға мейіргеріне 2026 жылдың 1 қаңтар айынан 6 қаңтар айына дейін жұмысқа кезекшілікке қоспауын сұрап, теміржол билетін алып қойғанын телефон арқылы хабарласқан.

Артынан, 2026 жылдың 7 қаңтар айында түнгі кезекшілікке жұмысқа шығып, 9 ақпан күні екеуі еңбекке жарамсыз бетшелерін тапсырған.

Атап айтқанда, инфекциялық аурухана қызметкері Х. №1 Атырау қалалық емханасынан 2026 жылдың 06 қаңтар айынан 8 қаңтар айына дейін амбулаторлық ем алғаны туралы еңбекке жарамсыз бетшесін алып тапсырған болатын. Емханадан сұраныс жасағанда, еңбекке жарамсыз бетшесін нақты дәрігерге 8 қаңтар 2026 жылы жолығып, дәрігермен келісіп, артқы күнмен, яғни қаңтар айының 6 күнімен жаздырып алған.

Ал, қызметкер А тұрғылықты жері Махамбет ауданы бола тура, Атырау қаласындағы жеке «Вестрн клиникадан» 2026 жылдың 1 қаңтар айынан 6 қаңтар айына еңбекке жарамсыз бетшесін алған.

Аталған қызметкерлер, берген түсініктемелері бойынша, олар алдын ала Астана қаласына жеке шаруаларымен баратын болып, теміржол билеттерін алып, жұмысқа шықпай, сол Астана қаласына барып келген. Артынан еңбекке жарамсыз бетшелерін жаздырып алғанын көрсеткен болатын.

Қызметтік тексеру қорытындысы бойынша, тапсырылған еңбекке жарамсыз бетшелері есепке алынбай, мекеме қаражаты үнемделген болатын.

Комплексионер офицер: К.К. Темиралиев

Хатшы: Жанбирбаева А.Е.